

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Желідегі қауіпсіздік

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.05.2021

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/97488/>

Орта білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

Бөлім:	II БӨЛІМ. Денсаулық және қауіпсіздік	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Желідегі қауіпсіздік	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	8.4.2.1- желі қолданушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау(интернеттегі алаяқтық пен агрессия)	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: Желі қолданушыларының қауіпсіздігін сақтау, кибербуллинг және фишингпен күресу жолдарын анықтайды.</p> <p>Көпшілік оқушылар: Желідегі алаяқтық пен агрессияға барудың салдарын анықтайды.</p> <p>Кейбір оқушылар: Желідегі алаяқтық пен агрессияны болдырмауға жаңа идеялар ұсынады.</p>	
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> Желі қолданушыларының қауіпсіздігін сақтау жолдарын айқындайды. Кибербуллинг, фишинг және интернеттегі алаяқтықпен күресу жолдарын ажыратады. 	
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Сабақтағы жоспарларған іс-әрекет			Ресурстар
	Әдіс-тәсілдер/тапсырма	Қалыптастырушы бағалау	Саралау	
Сабақтың басы: 2 мин	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеп алу. «Гүлмен тілек» әдісі арқылы оқушылардың бір біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру.</p>			
2 мин	<p>«Мозайка» әдісі Оқушыларды сурет қиындыларын біріктіру арқылы екі топқа бөлу.</p> <ul style="list-style-type: none"> Желілер Вирустар 			Сурет қиындылары
3 мин	<p>Алдыңғы сабақты пысықтау. Ой қозғау. «Қарлы кесек» әдісі. Тапсырма 1: Оқушыларға арнайы интерактивті тақтаға төмендегі сұрақтар беріледі. Өздері параққа сұрақ жазып бір-біріне лақтырады, қағып алған сұраққа жауап жазып, кері қайтарады. Жауап жазылған парақты ашып оқиды.</p>	Берілген жауаптарды талдай отырып, бір-бірін бағалайды.		Қағаз бөліктері
Сабақтың ортасы: 2 мин	<p>Сөздікпен жұмыс: «Түртіп алу» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> Ø Компьютерлік вирус — Компьютерный вирус - Computer virus Ø Әлеуметтік желі - Социальная сеть - Social network Ø Желідегі қауіпсіздік - Безопасность в сети - Network Security <p>Жаңа сабақта кездесетін сөздіктермен танысады. Бұл үш тілділік білім беру жүйесіне өз септігін тигізеді. Балалар үш тілділікке дағыланады</p>			Оқулық, дәптер
10 мин	<p>Топтық жұмыс. «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі. Тапсырма 2: Оқушыларға оқулықтағы жаңа ақпаратпен танысуға яғни мәтінді оқуға нұсқау беремін. Содан кейін жұптасып бір-бірімен қабылдаған ақпараттары жайлы ой бөліседі.</p>	Топтар бір-бірін сұрақ қою арқылы бағалайды.	Ресурстар арқылы жаңа тақырыпты интернет көзінен, оқулықтан танысады	Оқулық

3 мин	Тапсырма 3. Жеке жұмыс Сәйкестендіру		Өзін-өзі бағалау. Интерактивті тақтадан дұрыс жауап көрсетіледі		
	Термин	Анықтама			
	Кибербуллинг	Желіні қолданушылардың құпия мәліметтерін, логин мен құпия сөздерін ұрлайтын қауіп қатер түрі			
	Әлеуметтік желі	Желіні қолданушылары арасында электронды хабар алмасу тәсілі			
	Фишинг	Адам ақылымен жасалған өнертабыс			
	Интеллектуалды жекеменшік	Желі қолданушыларына забір көрсету, агрессия, қорқыту мазмұнындағы хабарламалар жіберу.			
	Электронды пошта	Қызығушылықтары бірдей адамдардың интернетте бірігетін қоғамдық сайттар			
11 мин	Топтық жұмыс. Постер қорғау Тапсырма 4. Екі топ оқушылары желідегі алаяқтық пен агрессияны болдырмауға жаңа идеяларын ұсынып, қорғайды.		Дескриптор: -алаяқтық пен агрессияны болдырмауға идея ұсынады; -берілген тапсырманы талқылап сыныпта постер қорғайды	Жіктеу(көмек талап ететін оқушымен белсенді оқушыны жұптастыру)	Плакат, маркер,т.б.
Сабақтың соңы 4 мин	Қорытындылау Тапсырма 5. Сабақтың соңында Kahoot! бағдарламасы арқылы тест тапсырмасын алу.		Тест сұрақтары		https://create.kahoot.it/creator/7776c45e-a58c-4056-8613-d8c9b1dc52db
Рефлексия 3 мин					

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.